

Әлихан Бөкейханов және «Қазақ» газеті

Сонымен, 1913 жылғы ақпанның екісі күні Орынборда «Қазақ» газетінің бірінші нөмірі шықты. Оның Бас жазушысы, яғни, редакторы тіл мен әдебиет саласындағы білімі көл-көсір, энциклопедист ғалым Ахмет Байтұрсынов болды. Қырықтың қырқасына жаңа шыққан Ақаңның шығармашылық қуаты, публицистикалық серпіні зар күйінде тұрған шағы еді бұл. Осыдан да болар, көпшілік, тіпті, өткен ғасырдың басындағы қазақ қоғамын, сол кезеңдегі саяси-әлеуметтік жағдайды, ұлт зиялыларының өмірі мен қызметін зерттеушілердің бірсыпырасы алғашқы ұлттық-демократиялық басылым – «Қазақ» газетін ұйымдастырған Ахмет Байтұрсынов деген пікірді ұстанады. Дұрыс. Жоғарыда айтқанымыздай, ол кісінің еңбегі қалай дәріптеуге де тұрарлық. Бірақ, басылым жұмысын жолға қоюда одан да жоғары тұрған, хан баласында қазақтың қақысы кеткенін мойындаған, осы халыққа қызмет ету жолында басын бәйгеге тіккен, ұлттық басылымның жарық көруіне басқалардың бәрінен ынталы болған және жалпыхалықтық деңгейге көтерілуіне ықпал еткен тұлға бар. Ол – Әлихан Бөкейханов, әрине. Айталық, «Қазақтың» тұңғыш нөмірінде жарияланған оқырманға арнау мақаланың авторы – Әлихан Бөкейханов. Бірақ, газеттің Бас жазушысы Ақаң болғандықтан, қанатты сөзді бүгінгі жұрт сол кісінің атына теліп жүр. «Қосылғыштардың орнын ауыстырғанмен қосынды өзгермейді» деген түйінді байлам бар ғой, сондықтан, жоғарыдағы ойды ұлылардың қайсы айтса да оқырман үшін бәрібір. Біздікі – ақиқаттың бетін ашып алайық деген ниет қана.

«Құрметті оқушылар!» деп басталатын осы мақаласында Әлекең: «Әуелі – газета халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газета сондай керек. Газетасы жоқ жұрт, басқа газетасы бар жұрттардың қасында, құлағы жоқ керең, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр секілді. Дүниеде не болып жатқанын көру жоқ, не сөйленіп жатқанын есту жоқ, өз пікірін айту жоқ», – деп оның ақпараттық сипатын; «Екінші – газета жұрттың әулет басына қызмет ететін нәрсе. Олай болатын мәнісі: жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп ғалым адамдары газета арқылы халықтың алдына түсіп – жол көрсетіп, басшылық етіп тұрады», – деп оның пікірталас мінбері екенін; «Үшінші – газета халыққа білім

таратушы, олай дейтініміз: газетадан жұрт естімегенін естіп, білмегенін біліп, бірте-бірте білімі молайып, зейіні өсіп, пікірі ашылып, істе жетікпекші», – деп оның білім көзі екенін; «Төртінші – газета халықтың даушысы. Жұртым деп халықтың арын арлап, зарын зарлап, намысын жоқтайтын азаматтары газета арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шұқытпасқа тырысады» – деп, оның қатардағы адамдардың ар-намысын қорғайтын құрал екенін көрсетеді. Білімді, өнерлі халықтарда газет-журнал да көп болатынын ашып айтады. Жалаң сөйлемей, 1909-шы жылы Америкада 12.435, Францияда 8.940, Германияда 8.000, Италияда 3.120, Ресейде 2.058 газет-журнал болғанын мәлімдейді. «Қазақ» газетінің әр нөміріне дерлік ұлтының көкейкесті мәселелерін көтерген еңбектерін әр түрлі бүркеншік есімдермен жариялап тұрған ол көбінесе «Қыр баласы», «Түрік баласы», «Арыс ұлы» деген аттарды пайдаланса, ара-тұра «Әлихан» немесе «Ә.Б.» деп қоя салады. «Бөкейханов» деп қол қоюы өте сирек. Себебі, бұл кезде айдауда жүрген Әлекең өз сойын жарқыратып көрсету арқылы серіктеріне Ресей отаршылдары тарапынан күдік болмауын қаперде ұстайды. Ең бастысы, қазақ жұрты үшін аса қажет басылым өз атына қатысты сылтаумен жабылып қалмауына қам жасайды. Сонымен бірге, «басылым неге Қазақстанның өзге өңірінде, мысалы, Семейде жарық көрмеді?» деген сауал туады. Семейде бұл кезде баспахана жұмыс істеп жатты, әрі айналасы ел, қалың қазақтың ортасы болғандықтан, оқырманға жетуі де оңай. Яғни, көп ретте қолайлы. Бірақ, олай болғанда, редакция Әлекең айдауда жүрген Самарадан алыстап кетер еді. Бұл –кәперге алатын жағдай.

Жоғарыда «Қазақ» газетінің бетінде Әлекең қазақ жұрты үшін ең өзекті мәселелерді көтерді дедік. Енді соның кейбіреулеріне тоқтала кетейік. Мәселен, «Үшінші дума һәм қазақ» /Қыр баласы, №9/ деген мақаласында ол асқынған орыс шовинизмін әшкерелеп, дума мүшелері қазақтарды ақыл-ойы кем, жабайы деп саяси қысым көрсетіп отырғанын айтады. Бөкейхановтың «Қазақ» /Қыр баласы, №8/ атауымен берілген шағын хабарламасы статистикалық мәлімет үлгісінде жазылған. Онда орыс патшасына қарайтын қазақтардың облыстар мен Астрахан губерниясындағы және жалпы саны көрсетілген. Оның астарында біз көп халықпыз, басқа жұрт бізбен санасуға міндетті деген зіл жатыр. Ақпараттық сипатта берілген «Моллаларға!» деген еңбегінде /Б.,№11/ қайыршылыққа ұшыраған мұжықтар үшін әлділерден қаржы-қаражат жинаған орыс поптарының қайырымдылық әрекеттерін қазақ молдаларына үлгі етіп ұсынады. Ұдайы халықтан тілемсектене бермей, осы поптар сияқты ізгі іс атқаруды үндейді. Бірақ, көптеген діндарларымыз күні бүгінге дейін нәпсісін тыя алмай келеді ау! Әлекеңнің «Қазақтан салдат ала

ма?» /№13/ мақаласында қазақтардың Ресей империясының тең құқылы азаматтығын алу мәселесі көтерілген. Мемлекеттің тең құқылы азаматы болғын келген екен, оны қорғау міндетін де бірге бөлісуің керек. Міндет болмаған жерде құқық та болмайды дейді автор. Осы мәселенің байыбына бармаған, 1916 жылы қазақтан әскер жарақтандыруға қарсы шыққан қаншама адам босқа қырылып қалғанына тарих куә. Табанды күрескер, жалынды публицист Әлихан Бөкейхановтың қаламынан осындай жүздеген шығарма жарық көрді. Сұңғыла саясаткерді ұлт көсемі дәрежесіне жеткізген күрескерлік қасиетінің бір қыры осындай.

Санкт-Петербургтегі Орман институтының экономика факультетін 1894 жылы үздік бітірген Әлекең Омбы шаруашылық училищесінде математика пәнінің оқытушысы болып қызмет атқарады. Сонымен бірге, осындағы «Степной край» газеті редакциясының алқа мүшелері қатарынан орын алыпты. Ой-пікірін екі тілде – орысша, қазақша бірдей жеткізетін Бөкейхановтың қаламгерлік қарымы ашық мойындалуына жол ашқан алғашқы тәжірибесінің бірі осы болса керек. Ұлы дала мен оны қоныстанған көшпелі халыққа қатысты этнографиялық мақалаларымен көрініп қалған ол қазақ жерін түбегейлі отарлау үшін зерттеу жүргізу мақсатымен 1896 – 1903 жылдары ұйымдастырылған экспедицияға шақырылады. Ф.А.Шербина экспедициясына қатысуы оның саяси көзқарасын, мақсат-мүддесін күрт өзгертеді. Ол 1905 жылдан бастап қазақтың тіліне, жеріне, дін бостандығына, сайлау құқына, ұлт мұратына, т.б. өмірлік мәселелерге қатысты тақырыптарды көтерді. 1906 жылы Семей облысы қазақтары атынан I мемлекеттік Думаға депутат болып сайланып, ұлт мүддесін қорғауы оның саяси ортада ысылуына, орыс отаршыларының ашкөз пиғылын бұрынғыдан да тереңірек тани түсуіне мүмкіндік берді. Осы жылы Омбыда шығатын кадеттік «Голос степи», «Омичь», «Иртыш» газеттеріне, 1908 ж. Петербургтегі меньшевиктік «Товарищ», кадеттік «Речь», «Слово» газеттеріне редакторлық жасады. Сондықтан, «Қазақ» газеті ашылған кезде оның баспасөз жөнінде мол тәжірибесі болды. Өзі редакцияны басқармаған себебін жоғарыда айттық: басы істі болып, Самараға жер аударылған еді. Ол Ресей қаласының өзінде бақылау астында жүреді. Әлекеңе «Асман», «Калмык» деп айдар таққан жасырын агенттер оның әр басқан қадамын аңдып отырған. Бір қызығы, Самарада сол кезде А.Керенский /тыңшылар «Думный» деп атаған/, Н.Гладиш/» Гласный»/, И.Рашишвили/» Атаман»/ тәрізді оппозиция қайраткерлері жер ауып жүріпті. Ақыл-ой парасатымен, іскерлік қабілетімен қашан да ортасынан озық тұратын Әлекең мұнда кадеттер, яғни, «Халық бос-

тандығы» партиясы Самар губерниялық комитетінің төрағасы міндетін атқарған екен.

Сөз реті келген соң айта кетейік, 1907 жылы Санкт-Петербургте «Серке» газетін шығарып баспасөз ісінде аздаған тәжірибе жинаған, әйтсе де билікке қарсы айтқан өткір сөздерімен өкіметтің теріс назарына іліккен Міржақып Дулатов та «Қазақтың» Бас жазушысы, яғни редакторы бола алмайтын еді.

Самарадағы Әлекең «Қазақ» газетін тікелей басқармаса да, серіктеріне оң жол сілтеп, ақыл-кеңес беріп, сонымен қоса, жоғарыда көрсеткеніміздей, қазақ өлкесінің тарихына, елдің тағдырына, отаршылардың шеңгелінде кетіп бара жатқан жерге, халықтың мәдени мұрасына, тұрмыс-тіршілігінің ерекшелігі мен экономикалық жағдайына, мал шаруашылығына қатысты проблемалық мақалалар жазып тұрды. Публицистік қырын 1904-1910 жылдары-ақ көрсетіп үлгерген оның еңбектері оқырман жұрттың ғана назарын аударып қойған жоқ, ниеттес достарына үлгі, қандай мәселе көтеріп, қандай тақырыпты қозғау қажеттігіне өнеге болды.

Әлекеңнің аузынан шыққан, қаламынан құйылған қанатты сөздер /көпшілігі «Қазақ» газетінің бетінде тұр/ кімнің де болса санасына сәуле түсіретіні күмәнсіз. Назар салайық:

- *Талас-тартыс жоқ болса – өмір абақтыға айналар еді;
- *Жұрт әділ болмай, жұрт ісі алға баспайды;
- *Бостандыққа апаратын жалғыз жол – ұлттық ынтымақ қана;
- *Жұрт ісін түсте көрмей, жаяу жүріп іздеу – мақсат;
- *Ақылды сөз қылмақ қиын, ақылды сөзді іс қылмақ одан да қиын;
- *Ұлтына, жұртына қызмет қылу – білімнен емес, мінезден;
- *Қазақ сайлауы – жұртқа келген жұт: сайлау жылы мал бағусыз, егін салусыз, пішен шабусыз қалады;
- *Адам баласы – нәпсінің құлы: маңдайы тасқа тимей тоқтамайды;
- *Мансапқұмар ел – кемелдікке жетпеген ел;
- *Жер десе, дірілдемей болмайды: жер мәселесі – негізгі өмір мәселесінің ең зоры;
- *Саясат ісі мәдениет соқпағына түскен жұрттың саяси партиясы аз болады;

*Еуропада газета – өмір айнасы: өмірде не болса, бәрі газетадан көрініп тұрады. Газетаны оқып жұрт өзін өзі көреді, өзін өзі танып, біледі /басылымның алғашқы нөміріндегі, оқырманға арнау мақаласымен үндес емес пе?/;

*Мал тұяғы – қазына;

*Бірліктен айрылған ел қаңғып қалады;

*Өз күшіне сенбеген адам да, халық та ешқашан өмір бәйгесін ала алмайды;

*Заң адамның пайдасына жазылады, адам заң үшін тумайды ғой /Парламент мүшелерінің қаперінде жүретін-ақ қағида/ (Е.Б);

*Ел берекесі кетуінің түпкі себебі – қазақта бірлік жоқтығы;

*Өзін өзі қасқырша шауып отырған жұртта өнер-білім болмайды;

*Біздің қазақ жұртының автономиясы жерге байлаулы автономия болмақ;

Қазақ қоғамы қандай болмақ керек деген мәселеде осындай ой-толғамдарын айта отырып, Әлекең өзі перзенті боп табылатын жұрттың озық қасиеттерін, кәсібіндегі оңды тұстарды мағмұрлана алдыға тартады:

*Қазақтың жылқысындай көнбіс жылқы жер бетінде жоқ, қазақтың қозысының етінде тәтті ет те жер бетінде жоқ;

*Анық түрік затты халық тілі – біздің қазақ тілі;

*Қазақ жері – мал кіндігі: мұнда бұрын-соңды қай жұрт жүрсе де мал баққан.

Әлекең ойлаған жоспары, асқақ арманы түбінде жүзеге асатынына әбден сенімді болған қайраткер. Сондықтан ол: «Тірі болсақ – алдымыз үлкен той. Алаштың баласы бұл жолы болмаса, жақын арада өз тізгіні өзінде бөлек мемлекет болар» деп түйіндейді. Жетпіс жыл – тарих үшін қас қағым сәт. Өзі болжаған бақытты – Тәуелсіздік туы асқақтай желбіреген сәтті Ұлт көсемі көруіне тағдыр жазбаса да, міне, бүгін біз, ұрпақтары көріп отырмыз.

Қазақ халқының жолына тағдырын құрбандыққа тіккен Әлекеңнің таңғажайып ұйымдастырушылық қабілетінің тағы бір қырын айтпай кету мүмкін емес. Ол – ғылымы кенжелеп қалған халықтың өскелең ұрпағы үшін оқулықтар әзірлеуді мақсаттас, ниеттес серіктеріне парыз етіп жүктеуі. Мәселен, экономика саласын өзі алған Бөкейханов, Байтұрсыновқа тіл мен әдебиет, Дулатовқа медицина мен есеп оқулығын, Аймауытовқа психология, Жұмабаевқа педагогика ғылымының кіріспесін, басқаларға да сондай құ-

ралдар әзірлеуді міндеттейді. Бір кереметі, осыдан бір ғасыр бұрын жазылған сол еңбектер күні бүгінге дейін орта және жоғары мектептердегі негізгі оқу құралдары санатында.